

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ОӘЖ 636.598:591.47

С.С. АЛДАНАЗАРОВ, Г.К. ДЖАНАБЕКОВА, Р.Ж. ДЖУНУСОВА, М.М. ЖЫЛҚЫШЫБАЕВА

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

ЖАСЫНА ҚАРАЙ ЖАПОН ТҰҚЫМЫ БӨДЕНЕЛЕРІ ҚАНЫНДАҒЫ ЛЕЙКОЦИТТЕРДІҢ ФАГОЦИТОЗ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Аннотация

Жапон тұқымды бөденелер қаны лейкоциттерінің негізгі қызметі қан мен басқа ұлпаларға түскен бөгде заттардан қорғау. Лейкоциттердің метаболиттік белсенділігі құстардың жасына, тұқымына физиологиялық жағдайларына, әр түрлі ауруларға тікелей байланысты.

Кілт сөздер: гуморальдық, индекс, резистенттілік, шикізат, фагоцитоз.

Ключевые слова: гуморальный, индекс, резистентность, сырьё, фагоцитоз.

Keywords: humoral index, resistance, raw materials, phagocytosis.

Көптеген ғылыми мәліметтерге қарағанда, бөдене шаруашылығымен айналысу – экономикалық жағынан өте тиімді және пайдалы. Бөденелердің тек өздеріне тән ғана биологиялық ерекшеліктері болады. Атап айтқанда, бұлардың өсу қарқыны басқа құстармен салыстырғанда бес есе жоғары. Бұған қоса, бұлардың мекиендері 5 - 6 аптадан бастап-ақ, жұмыртқалай береді.

Бөдене жұмыртқасында басқа құстармен салыстырғанда А,Р,К,В₁,В₂ темір, кобальт және т.б. дәрмендерінің мөлшері басым екенін сондай ақ биологиялық белсенді заттардың, атап айтқанда лизоцим ферментінің жоғары көрсеткішін ғалымдар анықтады Нанос В.Р. 1995; Кочетова З.И. 1991. Қан жүйесі және оның құрамындағы ақ түйіршіктердің организмде алатын орны ерекше. Олар организмді түрлі инфекциядан қорғап, газдарды, метаболизм өнімдерін, биологиялық белсенді заттарды тасымалдай отырып, байланыстырушы қызмет атқарады. Осыдан қан әртүрлі сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен организмде туындайтын өзгерістерге тез реакция береді, сондықтан ол организмнің физиологиялық күйінің айнасы бола алады. Құстардың да ауруларға қарсы тұру қабілеттілігінің, яғни резистенттілігінің бәсеңдеуі – олардың өнімділігінің төмендеуіне, сондай-ақ көптеген аурулардың туындауына әкеліп соқтыратындығы белгілі. Ғылыми мәліметтер бойынша, бөденелердің жасушалық және гуморальдық факторларының көрсеткіштері үйректер мен қаздарға қарағанда өте жоғары екендігі байқалады.

Сондықтан біз жапон тұқымды бөденелер қанының фагоцитоз белсенділігін зерттеуді мақсат етіп қойдық. Зерттеу Алматы облысы, Іле ауданының Қарой ауылдық округінде орналасқан «Байболат» шаруа қожалығында жүргізілді. Тәжірибе барысында бөденелерді жасына қарай 3 топқа бөлдік, әр топта 2 бастан мекиен бөденелері болды. Барлығы 6 бас бөдене. Қандағы лейкоциттер саны «Model MRP-3000» бинокулярлы микроскоп арқылы, ал фагоцитарлық белсенділік көрсеткіші нейтрофилдердің жалпы санынан олардың фагоцитозға қатысқан санының пайыздық үлесін есептеу арқылы анықталды. Фагоцитарлық индекс- фагоцитоз кезінде бір нейтрофиль қарбыған микроб санының орташа шамасын анықтау арқылы есептелді. Тәжірибеде жинақталған материалдар «Biomet» компьютерлік бағдарламасы арқылы биометриялық өңдеуден өткізілді, сенімділік көрсеткіші $P > 0,05$.

35 күндік бөденелер қанының лейкоциттер саны $28,66 \pm 0,9210^9$ -л, фагоцитоз белсенділігі $46,4 \pm 0,1\%$, ал фагоцитарлық бірлікті $2,02 \pm 0,3$ көрсетті. 50 күндік бөденелер қанының тиісінше көрсеткіштері

26,70±0, 56 10⁹-л, 51,2±0,6 %, бірлікті құрады 2,3±0,0 және 65 күндік бөденелерде бұл көрсеткіштер 26,73±1,1910⁹-л, 50,1±2,2%, 2,4±0,2 бірлік болып анықталды.

Зерттеу нәтижелеріндегі мәліметтерге қарай отырып, бөденелердің физиологиялық жағдайына баға беруге болады. 50 күндік бөденелердің қанында басқа жастағы бөденелерге қарағанда фагоцитоз белсенділігінің жоғары көрсеткіші байқалды. Бұл жайтты бөденелер организмнің резистенттілігінің жоғарылығымен түсіндіруге болады. Организмде лейкоциттердің антиденелер түзуі мен бөгде белоктарды залалсыздандыру қабілетіне ие екендігіне көз жеткіземіз.

ФАГОЦИТАРНАЯ АКТИВНОСТЬ ЛЕЙКОЦИТОВ КРОВИ У ПЕРЕПОЛОВ ЯПОНСКОЙ ПОРОДЫ

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

АЛДАНАЗАРОВ С.С., ДЖАНАБЕКОВА Г.К., ДЖУНУСОВА Р.Ж., ЖЫЛКЫШЫБАЕВА М.М.,

Резюме

Одним из показателей резистентности является фагоцитарная активность лейкоцитов. Наши исследования показали, что наиболее высокая фагоцитарная активность лейкоцитов наблюдалась у пятидесятидневных перепелов. Однако, надо отметить, что динамика фагоцитарного индекса в процентном отношении оказалась абсолютно сходной у всех исследованных возрастных групп.

Ключевые слова: гуморальный, индекс, резистентность, сырье, фагоцитоз.

THE PHAGOCYTTIC ACTIVITY OF LEUKOCYTES IN THE BLOOD OF JAPANESE GUAILE BREED

Kazakh national agriculture university, Almaty

ALDANAZAROV S.S. DZHANABEKOVA G.K., DZHUNUSOVA R.Z., ZHYLKYSHBAEVA M.M.,

Summary

One measure of the resistance is the phagocytic activity of leukocytes. Our research has shown that the highest phagocytic activity of leukocytes was observed in pyatidesyatidnevnyh quail. However, it should be noted that the dynamics of the phagocytic index in percentage terms was absolutely similar in all age groups studied.

Keywords: humoral index, resistance, raw materials, phagocytosis.